

## Атырау қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 27 тамыздағы № 355-VI шешімі және Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 187 бірлескен қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 қыркүйекте № 4491 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі және 2016 жылғы 21 желтоқсандағы қорытындылары негізінде Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және VI шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті XXXIV сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Атырау қаласының келесі құрамдас бөліктеріне атаулар берілсін:

- 1) Сарықамыс-2 шағын ауданындағы № 1 көшеге - Гибатолла Абдолотовтың есімі;
- 2) Сарықамыс-2 шағын ауданындағы № 2 көшеге - Исламғали Баймұқашевтың есімі

2. Мыналар:

- 1) Балықшы шағын ауданындағы Мұса Баймұханов өткелі – Білге қаған өткелі;
- 2) Балықшы шағын ауданындағы Дина Нұрпейісова өткелі – Тонықөк өткелі;
- 3) Балықшы шағын ауданындағы Жұмекен Нәжімеденов көшесі – Алтын Орда көшесі;
- 4) Балықшы шағын ауданындағы Наурыз өткелі – Сығанақ өткелі болып қайта аталсын.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары С. Шапкеновке және Атырау облыстық мәслихатының зандаулықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А. Абдоловқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және олар алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

H. Hoғaev

I. Баймұханов

Ә. Зинуллин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК